ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 ақпан №4712-24-00-2/5065 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Бекболатов,
сот отырысының хатшысы С.Жұбан қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді бейне байланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты» мемлекттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALB-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) шарт бойынша жұмыстарды толық аяқтауды міндеттеу,
2) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану,
3) мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Дюсенова,
талап қоюшы өкілі К.Кулов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 19 тамызда талап қоюшы «Маңғыстау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Мекеме) және жауапкер «ALB-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік) арасында №58 санды жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – Шарт) жасақталып, жауапкер шарттың қосымшасындағы техникалық сипаттамаға сәйкес жұмыстарды орындауға міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкермен Шарт бойынша жұмыстар толықтай орындалмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілген жұмыстарды толық аяқтауды міндеттеу және мемлекет пайдасына 295 088,85 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын сотқа келтірді.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюын қолдап, жауапкермен шарт бойынша міндеттемелері толықтай орындалмағаны, жұмыстар аяқталмағаны туралы дәлел келтіріп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі тиісті түрде хабардар етілген, алайда сот отырысына қатыспады, көрсетілген себептермен азаматтық іс Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (осыдан әрі - АПК) 196-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес қаралды.

Прокурор қорытындысында талап қоюды ішінара өанағаттандыруды, яғни мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1) ТАЛАП БОЙЫНША:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Іс материалдары бойынша анықталғаны, талап қоюшы және жауапкер арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу Шартына сәйкес, жауапкер 82 320 000 теңге соммасына «Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы №37-38 тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу» жұмыстарын техникалық ерекшелікке сәйкес келісімшарт жасалған күннен бастап 2024 жылғы 1 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген.

Алайда жұмыстар толықтай орындалмаған, 28.10.2024 жылғы және 30.11.2024 жылғы қабылдау актісіне сәйкес тек 52 811 144,11 теңге соммасына жұмыстар орындалып, қабылданғаны және шарттың әрекет ету мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін анықталды.

АК-ның 386-бабының 3-тармағына сәйкес, егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы,

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2025, судья Бекболатов А. Т., 15.04.2025

шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Жауапкер АПК-ның 72-бабының талаптарына сәйкес уақытылы талап қоюға қарсы пікір немесе дәледі уәждерін келтірмеді.

Істің бұндай тұрғысында сот, жоғарыда көрсетілген заң нормаларын басшылыққа алып, тараптар арасында жасалған шарттық қарым қатынастардың мерзімі аяқталуына байланысты доғарылғанын және шарт мерзімі ұзартылмағанын негізге алып, талап қоюдың шарт бойынша жұмыстарды толық аяқтауды міндеттеу туралы бөлігінде қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп табады.

2) ТАЛАП БОЙЫНША:

Іс құжаттарынан анықталғаны Шарт бойынша жауапкер жұмыстарын техникалық ерекшелікке сәйкес 2024 жылғы 1 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген.

Оған қарамастан жауапкермен жұмыстар уақытылы толықтай орындалмаған.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (осыдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушініңҚазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде, яғни 2024 жылдың 13 желтоқсанында талап қоюын сотқа жолданған.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талапкердің талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің Шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 10.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.04.2025, судья Бекболатов А. Т., 15.04.2025
4712-24-3-1/4630

3) ТАЛАП БОЙЫНША:

АК-ның 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Осыған орай тараптар арасында жасақталған шарттың 8.3. тармақшасына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс деп көрсетілген.

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу шарты бойынша 295 088,85 теңге тұрақсыздық айыппұл мөлшерін өндіріп беруді сұрап отыр.

Сотпен айыппұл мөлшері тексеріліп (аяқталмаған жұмыс соммасы 29 508 885 теңге / 0,1% = 10 күн), талап қоюшының сұрап тұрған айыппұл мөлшері жауапкермен 10 күнге кешіктірген мезгілге есептелетін айыппұл мөлшері болып табылатынын ескеріп, талап қою шегінде өндірілуге жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабтарының талаптарына сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 10 699 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – ішінара қанағаттандырылсын.

«ALB-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2025, судья Бекболатов А. Т., 15.04.2025

4712-24-3-1/4630

«ALB-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 295 089 (төрт миллин төрт жүз жиырма екі мың жеті жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыппұлын және 10 699 (он мың алты жүз тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шағым және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2025, судья Бекболатов А. Т., 15.04.2025

4712-24-3-1/4630